

«PANTENE-нен сәнді өзгеру науқаны» науқанының қағидалары (бұдан әрі-ережелер)

1. Науқанның атауы (бұдан әрі – Науқан)	«PANTENE-нен сәнді өзгеру науқаны»	
2. Науқанды ұйымдастырушы туралы ақпарат	Атауы, мекенжайы	«Дайверсити КЗ» ЖШС (СТН 210940013641) (бұдан әрі — «Ұйымдастырушы»), тіркелген мекенжайы: Қазақстан, Бостандық ауданы, Алматы қ., Жандосов көшесі, 60А үй, индексі 050060
	Кері байланыс	Науқанның электрондық адресі: info@diversity.kz
Техникалық серіктестер туралы ақпарат	Атауы, мекенжайы	«ВИМ Диджитал» ЖШС (БСН 220540022102) (бұдан әрі — «Техникалық серіктес 1»), тіркелген мекенжайы: 010016, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 8/2.
		«Брендлинг» ЖШҚ (СТН 7725499781) (бұдан әрі — «Техникалық серіктес 2»), тіркелген мекенжайы: 125504, Мәскеу қ., қалаішілік аумақ Западное Дегунино муниципалдық округі, Дмитровск тас жолы, 71Б үй, 7/7 үй-жай.
		Sky Studio d.o.o. (бұдан әрі – «Техникалық серіктес 3») Заңды мекенжайы: Жибертов көшесі, 26, 1000 Люблина, Словения. 2.2.9. Пошталық мекенжайы: Жибертов көшесі, 26, 1000 Люблина, Словения. 2.2.10. Салық нөмірі: SI66897564. 2.2.11. Тіркеу нөмірі: 6436188000.
Науқанға тапсырыс беруші	«Проктер энд Гэмбл Казахстан Дистрибушн» ЖШС (бұдан әрі – «Тапсырыс беруші»), мына мекенжайы бойынша тіркелген: Қазақстан, Алматы қ., Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғ., 240Г үйі	
3. Науқанды өткізу мерзімдері.	<p>3.1. Науқанды өткізудің жалпы мерзімдері: 15.05.2024 ж. (сағат 00:01) бастап 07.08.2024 ж. (сағат 23:59) аралығында</p> <p>3.2. Науқанға қатысу үшін Өтінімдерді қабылдау мерзімі (сатып алу және чектерді https://pgbonus.kz/kz/promos/pantene_gifting сайтында тіркеу 15.05.2024 ж. (сағат 00:00) бастап 30.06.2024 ж. (сағат 23:59) қоса алған аралықта.</p> <p>3.3. Жұлделерді алушы Науқан жеңімпаздарын айқындау: 22.07.2024 ж.</p> <p>3.4. Жеңімпаздарды https://pgbonus.kz/winners/pantene_gifting_kz.pdf сайтында жариялау: 24.07.2024 ж.</p> <p>3.5. Жұлделерді жөнелту кезеңі: 07.08.2024 ж. қоса алғанда.</p> <p>Осы Қағидаларда көрсетілген кез келген уақыт Алматы уақыт белдеуі бойынша есепке алынады.</p>	
4. Науқанды өткізу аумағы.	4.1 Науқан Қазақстан Республикасының аумағындағы оны өткізу кезінде Науқанға қатысатын Тауарлар бар барлық сауда нүктелерінде және келесі сайтта өткізіледі: https://pgbonus.kz/kz/promos/pantene_gifting	
5. Тауар мен өткізілетін Науқанның өзара байланысын орнатуға мүмкіндік беретін тауар белгілерінің сипаттамасы	<p>5.1. Procter & Gamble-ге тиесілі PANTENE сауда белгісімен өндірілетін барлық өнімдер Науқанға қатысатын Тауарлар болып табылады (осыдан бұрын және бұдан әрі – Тауар).</p> <p>5.2. 3.2-тармақта көрсетілген мерзімде ішінде сауда нүктесінен алынған кассалық чек 5.1-тармақта көрсетілген белгілері бар Тауарларды сатып алудың айғағы болып табылады.</p>	
6. Науқанға қатысушыларды Науқанның Қағидалары туралы, сондай-ақ нәтижелері туралы хабардар етудің тәртібі мен тәсілі.	<p>6.1. Науқанға қатысушыларды ақпараттандыру Науқан өтетін бүкіл мерзім ішінде қағидаларды https://pgbonus.kz/rules/pantene_gifting_kz.pdf сайтында жариялау арқылы жүргізіледі.</p> <p>6.2. Науқанның барлық нәтижелері Қағидалардың 3.4-тармағында көзделген мерзім ішінде https://pgbonus.kz/kz/promos/pantene_gifting сайтында жарияланады.</p>	
7. Науқанның жүлде қоры.	<p>7.1. Науқанның жүлде қоры Тапсырыс берушінің қаражаты есебінен қалыптастырылады және мыналарды қамтиды:</p> <p>7.1.1. Кепілдендірілген жүлде: бір Чекте сатып алынған науқанға қатысушы - Тауарлар чегіндегі алғашқы екеуінің құнының 50% мөлшерінде кэшбэк* - саны шектеусіз.</p> <p>Кепілдендірілген жүлделерді Техникалық серіктес 2 табыстайды.</p> <p>7.1.2. Бас жүлде **: 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңге мөлшеріндегі ақшалай жүлде – 1 дана.</p> <p>Бас жүлдені Ұйымдастырушы табыстайды.</p> <p>Бір қатысушы Науқан өтетін барлық кезең ішінде бір ғана Кепілдендірілген жүлдені және бір Бас жүлдені ала алады.</p> <p>7.2. Бірегей жүлделердің түр-сипаты олардың жарнама материалдарындағы кескінінен өзгеше болуы ықтимал.</p> <p>7.3. Тағайындалған Жұлделер айырбасталмайды.</p> <p>7.4. Жұлделердің құрамын Ұйымдастырушы Тапсырыс берушінің келісімімен біржақты тәртіпте өзгерте алады. Жұлделер функционалдық мақсаты бойынша балама түрлеріне ғана алмастырылады.</p> <p>7.5. Жеңімпаз Науқанды Ұйымдастырушының қатысуынсыз Жұлдеге өздігінен иелік етеді.</p> <p>*Кэшбэк – бұл Тауарларды сатып алғаны үшін ақша қаражатын ішінара қайтару.</p> <p>** Науқанды Ұйымдастырушы ҚР заңнамасы бойынша салық агенті бола отырып, жеке табыс салығы (ЖТС) сомасын тиісті бюджетке аударуға міндетті.</p>	
8. Науқанға қатысу шарттары.	<p>Науқанға қатысушысы болу үшін осы Қағидалардың 16.1-т. көзделген талаптарға сәйкес келетін тұлға келесі әрекеттерді орындауға тиіс:</p> <p>8.1. 3.2-т. көрсетілген кезеңде Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген сауда нүктесінен 5.1-т.</p>	

санамаланған Тауардың 2 (екі) және одан көп бірлігін сатып алу және кассалық чекті (осыдан бұрын және бұдан әрі – «Чек») сақтап қоюы қажет. Осы орайда, Тауарлардың сатып алынғанын растайтын Чектерді Қатысушы жүлдені алу сәтіне дейін сақтауға тиіс, ал науқандық Тауарлары жоқ Чектерді сақтау талап етілмейді. Бір Чекте екіден көп Тауар сатып алынса, бұл Чек Бас жүлде ұтысына қатысуға арналған бір Өтінім ретінде қаралады.

8.2. https://pgbonus.kz/rules/pantene_gifting_kz.pdf сайтында жарияланған Науқанның толық Қағидаларымен танысуы тиіс;

8.3. барлық қажетті жолдарды толтырып (аты-жөнін, электрондық адресін және байланыс телефон нөмірін қоса алғанда) https://pgbonus.kz/kz/promos/pantene_gifting сайтында тіркелуі немесе авторизациялануы және төмендегілерді:

- дербес деректерді беруге және өңдеуге келісімді;
- сайтта орналастырылған Procter&Gamble компаниясының Құпиялық саясатымен бірге <https://pgbonus.kz> сайтына пайдалану шарттарымен және ережелерімен келісу;
- Науқанға қатысуға келісімді;
- Қатысушының электрондық поштасына және мобильді нөміріне жарнамалық жіберілім алуға келісімді;
- кәмелеттік жасқа толу және Қазақстан Республикасының азаматтығының болу фактісін растай отырып, құсбелгілерді қоюы қажет.

8.3.1. https://pgbonus.kz/kz/promos/pantene_gifting сайтына тіркелгеннен кейін әрбір қатысушы электрондық адресі растау үшін сілтеме жіберілген хат алады. Қатысушы Науқанға қатысу үшін тіркелгеннен кейін Науқанның Техникалық серіктес 1-і жолдаған хаттан гиперсілтеме бойынша өту арқылы тіркеу кезінде көрсеткен өз поштасын растауға міндетті, 30.06.2024 ж. (Алматы уақыты бойынша сағат 23:59) қоса алғанда.

8.3.2. Науқанға бір рет қана тіркелуге болады. Бұл шарттың орындалуы Қатысушының электрондық поштасының адресі және байланыс телефон нөмірі арқылы тексеріледі.

8.4. 8.1-т. баяндалған талаптарға сәйкес келетін Чекті (терді) чекте көрсетілген QR-кодты сканерлеу арқылы https://pgbonus.kz/kz/promos/pantene_gifting сайтында тіркеу қажет. **Чектерді сатып алу сәтінен бастап 14 (он төрт) тәулік ішінде ғана тіркеуге болады** (сатып алу күні мен уақыты чекте көрсетілген), атап айтқанда:

- 30.06.2024 ж. кешіктірмей сатып алу
- чектерді тіркеу 14.07.2024 ж. кешіктірілмей.

8.5 Науқанға қатысу үшін Алматы уақыты бойынша 15.05.2024 сағат 00:00-ден бастап Алматы уақыты бойынша 30.06.2024 сағат 23:59-ға дейінгі аралықтағы сатып алуды растайтын Чек(тер) қабылданады. Чекті https://pgbonus.kz/kz/promos/pantene_gifting сайтына жүктеу Науқанға қатысуға Өтінім беру болып танылады.

Чекті жүктеу үшін сатып алған Тауардың атауы және/немесе Тауарды және келесідей деректерді: күнін, уақытын және сатып алу сомасын, сатып алынған Тауардың атауы мен санын, МКК БКМ кодын (Чектің бірегей нөмірі) нақты айқындауға мүмкіндік беретін оның сипаттамалары айқын оқылатындай етіп Чекті фотоға түсіру (сканерлеу) қажет.

8.6. Чектің кескіні келесі талаптарға сай болуы керек:

- Чек кескінін қамтитын файлдың өлшемі 10 Мб-тан аспауы керек және PNG, JPEG, JPG, GIF, BMP жарамды форматтарда болуы тиіс;
- Чектің кескіні анық және оқылатын болуы керек;
- Чектің кескіні тек тік бағдарланған болуы керек;
- Чек кескіні парақтың бүкіл аймағын қамтуы керек;
- Чектің кескінінде бөгде заттар, көлеңке болмауы керек;
- Чектің кескіні мыжылған, жыртылған болмауы керек;
- бір кескінде бір Чектен артық болмауы тиіс.

Кейінгі (екінші және одан басқа) Чектерді тіркеу үшін https://pgbonus.kz/kz/promos/pantene_gifting сайтында дербес деректерді қайталап енгізу талап етілмейді.

Чекті жүктеу Қатысушының <https://consumer.oofd.kz/> ақпараттық сервисті пайдалануға өтініш бергенін және фактісі тексерілуі мүмкін есеп айырысу туралы ақпарат Ұйымдастырушыға/Тапсырыс берушіге және олар тартатын үшінші тұлғаларға қолжетімді болатынына келісімін білдіреді.

Егер кескін оқылмайтын (атап айтқанда, ішінара бүлінген, анық емес) немесе жалған деп танылса, онда Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші Қатысушы жіберген Чекті кез келген уақытта есептемеуге құқылы.

Жіберілген Чектер Чектерді жүктеу мерзімі аяқталған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күніне дейінгі мерзімде Науқан шарттарына (модерацияға) сәйкестігіне тексеруден өтеді.

Бірінші Чекті тіркеуді аяқтау қатысушы өз деректерін (аты-жөні, телефон, e-mail) https://pgbonus.kz/kz/promos/pantene_gifting сайтындағы жеке кабинетінде көрсеткен сәттен бастап есептеледі.

Кассалық чектер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделуге тиіс.

8.6.1. Әрбір қатысушы https://pgbonus.kz/kz/promos/pantene_gifting сайтына 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде 5-тен

	<p>(бес) артық емес Чекті жүктей алады.</p> <p>8.6.2. Әрбір қатысушы https://pgbonus.kz/kz/promos/pantene_gifting сайтына 1 (бір) күнтізбелік ай ішінде 100-ден (жүз) артық емес Чекті жүктей алады.</p> <p>8.7. Бір Чек Науқан өтетін бүкіл кезең ішінде бір реттік Өтінім ретінде саналады.</p> <p>8.8. Осы Қағидаларда көрсетілген Науқан шарттары орындалмаған жағдайда, Ұйымдастырушы біржақты тәртіпте Қатысушыны Науқанға қатысудан шеттетуге құқылы.</p> <p>8.9. Қатысушының Жүлде туралы деректерді үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.</p> <p>8.10. Қатысушы 16.1-тармақта көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келуі керек.</p> <p>8.11. Науқанға қатыса отырып, атап айтқанда, Науқанға қатысу мақсаты бар, осы Қағидалардың 8.1-8.4-тармақтарында көрсетілген конклюденттік әрекеттер тізбегін жасай отырып, Қатысушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ өзінің он сегіз жасқа толғанын растайды; ✓ Қазақстан Республикасының азаматы екенін растайды; ✓ Сайтта тіркелу кезінде көрсеткен электрондық пошта адресі мен ұялы телефон нөмірі жеке өзінікі екенін растайды; ✓ осы Қағидалармен келіседі; ✓ https://pgbonus.kz/promos/pantene_gifting сайтында авторизациялану кезінде ұсынған дербес деректердің өңделуіне келіседі ✓ Тауарды жеке қолдану үшін сатып алынғанын растайды; ✓ оның Науқанға қатысу мақсатында әрекеттер жасауы үшінші тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзбайтынына кепілдік береді; ✓ Тапсырыс берушіден Қатысушының электрондық поштасына және мобильді нөміріне жарнамалық жіберілім алуға келіседі, егер олар осы Қағидаларда көрсетілмесе де, https://pgbonus.kz/promos/pantene_gifting сайтындағы барлық науқанға келіседі; ✓ осы Қағидаларға сәйкес берілген кепілдіктерді, келісімдер мен растауларды бұзудың барлық жағымсыз салдарлары үшін жауапты болады ; ✓ «QIWI кошелек» сервисінің шарттарымен танысатынын растайды (сервистің шарттарына сілтеме: https://static.qiwi.com/ru/doc/oferta-lk-kzt.pdf). <p>8.12. Қатысушылардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, сондай-ақ осы Қағидаларда белгіленген құқықтары болады мен міндеттерді атқарады.</p>
<p>9. Науқанның әлеуетті жеңімпаздарын анықтау қағидалары.</p>	<p>9.1. Жүлдені алуға құқығы бар Науқанның әлеуетті жеңімпаздарын айқындау келесідей жүргізіледі:</p> <p>9.1.1. Кепілдендірілген жүлдені Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген сауда нүктесінде 5.1-тармақта санамаланған Тауардың 2 (екі) және одан да көп бірлігін сатып алған және 8-тармақта көрсетілген тәртіпте сайтта осы сатып алуды растайтын Чекті тіркеген барлық қатысушылар алады.</p> <p>Кепілдендірілген жүлде модерациядан өткен бірінші Чекпен алғашқы екі Тауарды сатып алғаны үшін бір рет есептеледі.</p> <p>9.2 Бас жүлдені алуға құқығы бар әлеуетті жеңімпазды айқындау келесідей жүргізіледі:</p> <p>9.2.1. 3.3-т. көретілген мерзімде Өтінімдер базасы құрылады (Excel нысанындағы кесте файлы), мұнда Науқанның дұрыс толтырылған (8-т. шарттарына сәйкес) Өтінімдеріне берілген реттік нөмір қамтылады, бұдан әрі - База</p> <p>9.2.2. Құрастырылған База негізінде төмендегі формула бойынша Бас жүлденің әлеуетті жеңімпазы айқындалады:</p> $N = X/E * Q,$ <p>Мұндағы, N — әлеуетті жеңімпаздың ұтыс өтінімінің реттік нөмірі</p> <p>X - Науқанға өтінімдерді қабылдау кезеңінде тіркелген өтінімдердің жалпы саны;</p> <p>E – 6-ға тең константа</p> <p>Q = 0,...осы Қағидалардың 3.2-т. көрсетілген тіркеудің соңғы күніндегі АҚШ доллары бағамының бөлшек бөлігі.</p> <p>Формула бойынша есептеу кезінде бүтін емес N саны шыққан жағдайда, N саны үлкен санға қарай дөңгелектенеді.</p> <p>N – нөмірі ұтқан болып танылады.</p> <p>9.2.3. Әлеуетті жеңімпаз Бас жүлдеден бас тартқан немесе әлеуетті жеңімпаз осы Қағидалардың 16.3-тармағында көрсетілген мерзімдерде жүлдені алу үшін қажетті ақпаратты ұсынбаған жағдайда, Жүлдені талап ету құқығы ұтысқа жеткен N нөмірінен кейін тұрған әлеуетті жеңімпазға ауысады.</p> <p>9.3. Ұйымдастырушы 15.2-т. тәртібінде әлеуетті жеңімпазды Өтінім беру кезінде көрсетілген электрондық адрес бойынша Науқанның Бас жүлдесін ұтып алғаны жөнінде хабарлар етеді.</p> <p>9.4. Ұйымдастырушы өзінде сақталатын Науқанның Бас жүлдесінің жеңімпазын айқындау хаттамасын жасайды және оған қол қояды. Науқан жеңімпаздарын анықтау Хаттамасына қол қоюшылар тізімі Ұйымдастырушы қызметкерлерінің қатарынан айқындалады.</p>

10. Қатысушының құқықтары.	<p>10.1. Науқан Қағидаларымен танысу.</p> <p>10.2. Осы Қағидаларда айқындалған тәртіпте Науқанға қатысу.</p> <p>10.3. Науқанға қатысушы Науқан Ұйымдастырушысынан Науқанның Қағидаларына сәйкес Науқан туралы ақпарат беруді талап етуге құқылы.</p>
11. Қатысушы-Жеңімпаздың міндеттері.	<p>Қатысушы міндетті:</p> <p>11.1. Науқанға Қатысушылар Науқанға қатысуға және жүлдені алуға байланысты барлық әрекеттерді Науқан қағидаларында белгіленген мерзімде орындауға міндетті.</p> <p>11. 2.8-т. сәйкес Өтінімді беру кезінде Науқанға Қатысушы өзекті және шынайы деректерді көрсетуге міндеттенеді.</p>
12. Ұйымдастырушының құқықтары.	<p>Ұйымдастырушы:</p> <p>12.1. Қағидалардың 15.3-т. талаптарын орындамаған Қатысушыға Бас жүлдені беруден бас тартуға.</p> <p>12.2. Қатысушылар қатарынан:</p> <p>12.2.1. осы Қағидалардың 8-бөлімінде көзделген талаптарға сәйкес келмейтін тұлғаларды;</p> <p>12.2.2. жосықсыз әрекеттер жасаған тұлғаларды;</p> <p>12.2.3. осы Қағидалардың өзге де ережелерін бұзған тұлғаларды шеттетуге;</p> <p>12.3. Қағидаларды өзгертуге немесе Науқанның күшін жоюға, себебін көрсетпей Науқанның өткізілуін тоқтата тұруға құқылы, бұл ретте қатысушыларға Қағидалардың өзгеруі немесе науқанды өткізбеу/тоқтата тұру туралы хабарлама осы Қағидалардың 6-т. көрсетілген тәртіпте жүргізіледі.</p> <p>12.4. Егер бір Қатысушы Науқанға қатысу үшін әртүрлі электрондық адресстерді/ұялы телефон нөмірлерін қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей пайдалана отырып, тіркелуде деген күдік туындаса, Ұйымдастырушы Науқанды өткізудің кез келген кезеңінде Қатысушыны науқанға қатысудан шеттетуге құқылы.</p> <p>12.5. Ұйымдастырушы Қатысушыдан қажетті мәліметтерді, оның ішінде байланыс ұйымдарының кінәсінен, Науқанды өткізу кезінде пайдаланылатын техникалық және/немесе байланыс арналарының проблемалары үшін, сондай-ақ Қатысушы көрсеткен қате немесе өзекті емес байланыс деректері салдарынан онымен байланыса алмағаны үшін, оның ішінде бұрыс банк деректемелері бойынша немесе Қатысушының осындай банк деректемелерін жазудағы қателігі салдарынан Бас жүлдені жібергені үшін жауапкершілік алмайды.</p> <p>12.6. Қажет етілмеген жүлделерді өз қалауына пайдалануға құқылы.</p> <p>12.7. Ұйымдастырушы осы Қағидаларда көрсетілген жағдайлардан басқа немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптары негізінде Науқанға Қатысушылармен жазбаша келіссөздерге не өзге де байланыстарға түспеу құқығын өзіне қалдырады.</p> <p>12.8. Кез келген уақытта өз қалауы бойынша Қатысушы деректерінің дұрыстығын өз күшімен тексеруге және көрсетілген деректердің дұрыстығын растайтын құжаттарды Қатысушыдан талап етуге не мына жағдайларда:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қатысушы (дербес деректері бар нысанды тіркеу/жіберу кезінде) дәйексіз және/немесе жалған (оның ішінде қате) нұсқау бергенде, - Қатысушы жеке басын растайтын құжаттарды ұсынудан бас тартқанда; - егер Ұйымдастырушы Қатысушыны Жүлде жинамазы деп санаса, ол себептерін түсіндірместен Науқанға қатысудан шеттетуге құқылы. <p>Ұйымдастырушы мұндай Қатысушының Науқанға қатысуға рұқсат етпеуге және/немесе жүлде беруден бас тартуға құқылы.</p> <p>Жүлде жинамазы деп төменде көрсетілген әрекеттердің біреуін немесе бірнешеуін жасаған (қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) адам түсініледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бір IP-адресстен бірнеше Өтінімдерді тіркеуші (әр түрлі электрондық пошта/ұялы телефон нөмірлерімен бірнеше Қатысушы ретінде тіркелген).
13. Ұйымдастырушының міндеттері.	<p>Ұйымдастырушы:</p> <p>13.1. Науқанды осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте өткізуге.</p> <p>13.2. Науқанның Жеңімпазы деп танылған Қатысушыға Бас жүлдені беруге міндеттенеді.</p> <p>13.3. Қазақстан Республикасының Салық заңнамасына, атап айтқанда «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 351-бабына сәйкес, жүлделер төлем көзінен салық салынатын табыстарға жатады. Табыстың осы түрі (Ұтыс) бойынша ЖТС (жеке табыс салығы) есептеуді және ұстап қалуды салық агенті - Бас жүлдені Жеңімпазға тікелей беруді қамтамасыз ететін Ұйымдастырушы жүргізеді.</p> <p>Қатысушылар Жүлде түрінде табыс алады, салық агенті олар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті салықты (жеке табыс салығын) төлейді.</p>
14. Техникалық серіктестердің міндеттері	<p>14.1. Техникалық серіктес 2 және 3 пайдаланушыларды және олар берген өтінімдердің 8-т. көрсетілген шарттарға сәйкестігін тексереді</p> <p>14.2. Техникалық серіктес 1 Өтінімдер тізімін құрастырады.</p> <p>14.3. Техникалық серіктес 2 және 3 Кепілдендірілген жүлделерді табыстайды.</p>
15. Жүлдені алу тәртібі мен мерзімі.	<p>15.1 Кепілдендірілген жүлделерді Техникалық серіктес 2 және 3 Қағидалардың 3.5-тармағында көрсетілген</p>

	<p>мерзімдерде Тауарларды сатып алуға жұмсалған ақшалай қаражаттың бір бөлігін Тауарларды сатып алған қатысушылардың банк карталарына қайтару арқылы табыстайды.</p> <p>15.2. Бас жүлдені табыстау үшін Науқанды Ұйымдастырушы жеңімпаз жарияланған күні әлеуетті жеңімпазбен Өтінімде әлеуетті жеңімпаз көрсеткен электрондық пошта арқылы байланысады, хатта Бас жүлдені ұтып алғаны жөнінде ақпаратты көрсетеді және жүлдені қабылдап алу-тапсыру актісінің үлгісін жібереді.</p> <p>15.3. Ұйымдастырушы Науқанның Бас жүлдесінің әлеуетті жеңімпазы деп танылған Науқанға Қатысушыны 9.2-т. баяндалған тәртіпте хабардар еткен сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде Әлеуетті жеңімпаз Ұйымдастырушыға жауап хат арқылы мынадай ақпаратты:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасының аумағындағы банктердің бірінде Жеңімпаздың атына ашылған картаның банк деректемелерін, • алушының Т.А.Ә., • байланыс телефон нөмірін, • Паспортының скан көшірмесін, • ЖСН сканын беруге тиіс. <p>15.4. Егер 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде әлеуетті жеңімпаз Ұйымдастырушының ескертуіне жауап бермесе және осы Қағидалардың 15.3-т. көрсетілген ақпаратты ұсынбаса, онда мұндай қатысушы Науқандағы Бас жүлде жеңімпазы атағынан бас тартқан болып есептеледі және 7.1.2-т. көрсетілген Бас жүлдеге үміткер болуға құқығы болмайды. Мұндай жағдайда әлеуетті жеңімпаз атағы 9.2.3-т. тәртібінде тізімдегі келесі Қатысушыға ауысады.</p> <p>15.5 Ұйымдастырушының Бас жүлдені алу үшін қажетті ақпаратты беру жөніндегі талабын толық орындаған әлеуетті жеңімпаз жеңімпаз болып танылады және ұсынған банк деректемелері бойынша 3.5-т. айқындалған мерзім ішінде Бас жүлденің өзіне жөнелтілуіне құқығы бар.</p> <p>15.6. Ұйымдастырушы осы Қағидалардың 7.1.2-т. көзделген Бас жүлдені осы Қағидалардың 3.5-т. көрсетілген кезеңде, ол 15.3-т. сәйкес берілген жеңімпаздың банк деректемелеріне 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңге мөлшерінде ақша қаражатын аудару арқылы табыстауды жүзеге асырады, ол қажет болған жағдайда орындалғаны туралы белгісі бар төлем тапсырмасымен расталады.</p> <p>15.7. Бас жүлдені алғаннан кейін Жеңімпаз 15.2-т. сәйкес алынған Бас жүлдені қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қоюға және Бас жүлдені алғаннан кейін оның скан көшірмесін Ұйымдастырушының электрондық пошта адресіне жіберуге міндетті (15.3-т. сәйкес). Бас жүлдені алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде оның тарапынан қол қойылған бас жүлдені қабылдап алу-тапсыру актісін Жеңімпаздан электрондық пошта арқылы алмаған жағдайда, мұндай Актіге Жеңімпаз қол қойған, ал тиісті Бас жүлде табысталған болып есептеледі. Осы сәттен бастап Ұйымдастырушы бас жүлдені жіберу үшін жауапты болмайды.</p> <p>15.8. Ұйымдастырушының есеп шотынан 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңге мөлшерінде ақшалай қаражатты есептен шығару және Жеңімпаздың Бас жүлдені қабылдап алу-тапсыру актісін беру/жөнелту күні Бас жүлдені тапсыру күні болып табылады.</p> <p>15.9. Ұйымдастырушы Бас жүлдені қайта жіберуді жүзеге асырмайды.</p> <p>15.10. Жеңімпаздардың Ұйымдастырушыға байланысты емес себептермен алмаған барлық Жұлделері қажет етілмеген болып саналады. Науқан Қағидаларында қажет етілмеген жұлделерді сақтау және оларды 3.5-т. көрсетілген Науқанды өткізу мерзімі аяқталғаннан кейін беру көзделмеген.</p> <p>15.11. Егер Жеңімпаз Жұлдеден бас тартса немесе оны Ұйымдастырушыға байланысты емес себептермен алуға мүмкіндігі болмаса, ол үшін Ұйымдастырушы жауапты болмайды. Бұл жағдайда Жұлде қажет етілмеген болып саналады және Ұйымдастырушы оны өз қалауы бойынша иелік етуге құқылы.</p>
<p>16. Қосымша шарттар.</p>	<p>16.1. Науқанға 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын адамдар ғана қатыса алады.</p> <p>16.2. Науқанға қатысу автоматты түрде Қатысушының осы Қағидалармен танысуын және толық келісуін, сондай-ақ дербес деректерді өңдеуге және жіберілімдерді алуға келісімін білдіреді.</p> <p>16.3. Тапсырыс беруші («Проктер энд Гэмбл Казахстан Дистрибушн» ЖШС), Ұйымдастырушы («Дайверсити КЗ» ЖШС), Техникалық серіктес 1 («ВИМ Диджитал» ЖШС), Техникалық серіктес 2 («Брендлинк» ЖШК), Техникалық серіктес 3 (Sky Studio d.o.o.) қызметкерлерінің және олармен үлестес тұлғалардың (олармен үлестес тұлғалардың қызметкерлері), Науқанды дайындауға және өткізуге қатысатын ұйымдар қызметкерлерінің, сондай-ақ аталған барлық тұлғалардың отбасы мүшелерінің Науқанға қатысуына жол берілмейді.</p> <p>16.4. Осы Қағидалардың шарттары бойынша сұрақтармен Науқанға Қатысушылар Қағидалардың 2-т. көрсетілген электрондық адреске жүгіне алады.</p> <p>16.5. Науқанды Ұйымдастырушы Науқанды өткізу аясында, егер олар Науқанды Ұйымдастырушы кінәсінен туындамаса, https://pgbonus.kz/kz/promos/pantene_gifting сайтындағы техникалық бұзылулар/ақаулар үшін жауап бермейді.</p>
<p>17. Науқанға Қатысушының өзінің дербес деректерін өңдеуге келісімі, өңдеуді Науқан Ұйымдастырушысы, Тапсырыс</p>	<p>17.1. Науқанға қатысу фактісі және https://pgbonus.kz/kz/promos/pantene_gifting сайтына тіркелу фактісі «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы N 94-V Заңына сәйкес және тәртіпте Науқанды өткізу және жұлделер беру мақсатында Қатысушының өзінің дербес деректерін</p>

<p>беруші мен Техникалық серіктестер жүзеге асыратын Науқанға Қатысушының дербес деректерінің тізбесі, дербес деректерді өңдеу мақсаттары, осындай дербес деректермен әрекеттер тізбесі, дербес деректер ашылуы немесе берілуі мүмкін тұлғалар, егер мұндай трансшекаралық деректер ашылса, егер мұндай трансшекаралық беру жүзеге асырылатын болса, дербес деректерді трансшекаралық беру туралы мәліметтер, Науқанға Қатысушының дербес деректерін өңдеу жүзеге асырылатын мерзім.</p>	<p>Науқан Ұйымдастырушысының, Тапсырыс берушінің және Техникалық серіктес 1-дің өңдеуіне, сондай-ақ статистикалық мақсаттарда және Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды немесе Procter&Gamble компаниясы өнімдерінің жарнамалық үлгілерін Қатысушы көрсеткен электрондық/пошта адресіне жіберу немесе Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды Қатысушының ұялы телефон нөміріне/электрондық адресіне жіберу мақсатында және/немесе электрондық байланыс арналарында Procter&Gamble өнімдері туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды жарнамалық жариялау (Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы) және тарату мақсаттарында берілген өлшемшарттар негізінде пайдаланушы адресат топтарын автоматтандырылған түрде қалыптастыру мақсатында және Науқан шеңберінен тыс басқа да мақсаттарда Науқан Ұйымдастырушысының, Техникалық серіктес 1-дің және Тапсырыс берушінің дербес деректерді өңдеуіне деген келісімін білдіреді.</p> <p>Науқандар автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып және/немесе мұндай құралдарды пайдаланбай дербес деректермен мынадай әрекеттерді жасай алады: жинау, жазу, жүйелендіру, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), алу, пайдалану, беру (тарату, ұсыну, қол жеткізу), несіздендіру, бұғаттау, өшіру, жою.</p> <p>17.3. Науқанды Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші және Техникалық серіктес 1 ақпаратты таратуды жүзеге асыру үшін, оларды осы Қағидалардың 17.1, 17.4-т. көрсетілген мақсаттарда өңдеу үшін шарттық қатынастары бар үшінші тұлғаларға Қатысушылардың деректерін беруге құқылы.</p> <p>17.4. Науқанға қатысу фактісі және Қатысушының дербес деректері бар нысанды тіркеу/жіберу фактісі (аты-жөні, ұялы телефон нөмірі, электрондық пошта адресі) Қатысушының өзінің дербес деректерін Ұйымдастырушыға, Тапсырыс берушіге және Техникалық серіктес 1-ге, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беруіне, оның ішінде Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды немесе Procter&Gamble компаниясы өнімдерінің жарнамалық үлгілерін Қатысушы көрсеткен электрондық/пошта адресіне жіберу немесе Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды Қатысушының ұялы телефон нөміріне/электрондық адресіне жіберу мақсатында және/немесе Procter&Gamble өнімдері туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды жарнамалық орналастыру (Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы) және тарату мақсаттарында берілген өлшемшарттар негізінде пайдаланушы адресат топтарын автоматтандырылған түрде қалыптастыру мақсатында және Науқан шеңберінен тыс басқа да мақсаттарда Ресей Федерациясының аумағына Ресей, 125171, Мәскеу қ., Ленинград тас жолы, 16А үй, 2 құрылыс мекенжайында тіркелген «Проктер энд Гэмбл Дистрибьюторская Компания» ЖШҚ (СТН 7701639976), (бұдан әрі - «Procter&Gamble»), 125040, Мәскеу қ., қалаішілік аумақ Беговой муниципалдық округі, Ленинград даңғылы, № 15 үй, 1 құрылыс, 4 қабат, VI үй-жай, 17 бөлме мекежайында тіркелген «Лайон Коммьюникейшн» ЖШҚ (СТН 7743068844), 105064, Мәскеу қаласы, Сусальный Нижний тұйық көшесі, 5 үй, 4 құрылыс, I үй-жай, 16 бөлме мекежайында тіркелген «ВИМ» ЖШҚ (ИНН 9705067931) атына трансшекаралық беруге келісімін білдіреді.</p> <p>17.5. Қатысушы Келісімін келесі жолдармен кері қайтара алады:</p> <p>17.5.1. Тапсырыс берушіден кез келген уақытта Қазақстан, Алматы қ., Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 240Г үй мекенжайына кері қайтарып алу туралы жазбаша хабарлама жолдау арқылы.</p> <p>17.5.2. Ұйымдастырушыдан кез келген уақытта Қазақстан, Бостандық ауданы, Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 60А үй, индекс 050060 мекенжайына кері қайтарып алу туралы жазбаша хабарлама жолдау арқылы.</p> <p>17.5.3. Тапсырыс берушіден кез келген уақытта Тапсырыс берушіге 8-800-080-50-52 телефоны бойынша сұрау салу арқылы, сондай-ақ Қатысушыға Тапсырыс берушіден жіберілетін хаттарда көрсетілетін тиісті сілтеме бойынша өту арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>17.5.4. Ұйымдастырушыдан кез келген уақытта info@diversity.kz поштасына хат жіберу арқылы.</p> <p>17.5.5. Техникалық серіктес 1 кез келген уақытта support@pgbonus.kz кері қайтара алады.</p> <p>Келісімді кері қайтарып алу туралы хабарлама алған жағдайда, Науқанға Тапсырыс беруші, Ұйымдастырушы, Техникалық серіктес 1 және олар уәкілеттік берген тұлғалар Қатысушының дербес деректерін өңдеуді тоқтатады және хабарлама келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде дербес деректерді жояды. Бұл ретте, егер Қатысушы тиісті Науқанды өткізу мерзімдері кезеңінде келісімді кері қайтарып алса, онда ол Ұйымдастырушы Науқанға Қатысушыдан хабарлама алған сәттен бастап, автоматты түрде осы Науқан шеңберінде жүлделерді алу құқығынан айырылады.</p> <p>17.6. Қатысушының дербес деректер субъектісі ретіндегі құқықтары. Қатысушының:</p> <ul style="list-style-type: none"> - алуға оның дербес деректерінің операторлары ретінде Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші және Техникалық серіктес 1 туралы мәліметтерді алуға - Егер дербес деректер толық емес, ескірген, дәйексіз, заңсыз алынған болса немесе мәлімделген өңдеу мақсаты үшін қажет болып табылмаса, оның дербес деректерінің операторлары ретінде Ұйымдастырушыдан, Тапсырыс берушіден және Техникалық серіктес 1-ден өзінің дербес деректерін нақтылауды, оларды бұғаттауды немесе жоюды талап етуге; - өз құқықтарын қорғау бойынша заңда көзделген шараларды қабылдауға; - осы Шарттарда және «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы N 94-V Заңында көзделген өзге де құқықтарға құқығы бар.
--	---

	17.7. Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші және Техникалық серіктес 1 Қатысушының толық емес, ескірген, дәйексіз дербес деректерді ұсынуы салдарынан өз міндеттемелері орындалмаған жағдайда жауапты болмайды.
--	--